

Қазақстан Республикасы Судьялар одағының Орталық Кеңесі туралы Е Р Е Ж Е

Осы Ереже «Қазақстан Республикасының Судьялар одағы» Республикалық қоғамдық бірлестігінің Жарғысына (бұдан әрі – Қазақстан Судьялар одағының Жарғысы) сәйкес әзірленді.

I. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже Қазақстан Судьялар одағы Жарғысы ережелерінің негізінде Қазақстан Судьялар одағы Орталық кеңесінің (бұдан әрі – Орталық Кеңес) қызмет тәртібі мен жұмыс нысандарын регламенттейді.

1.2. Орталық кеңес Қазақстан Судьялар одағының съездері арасындағы кезеңде Қазақстан Судьялар одағына жалпы басшылықты жүзеге асыратын, тұрақты жұмыс істейтін басқарушы алқалы басқарма органы болып табылады.

1.3. Орталық кеңес өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Конституциялық заңға, «Қоғамдық бірлестіктер туралы», «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Қазақстан Республикасының заңдарына, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне және Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

1.4. Орталық Кеңес мүшелерінің міндеттері сот жүйесін жетілдіру; сот билігінің беделін арттыру; судьялардың Судья әдебі кодексінде қойылатын талаптарды орындауын қамтамасыз ету; судьялардың өзін-өзі басқаруын жетілдіру; судьялардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау; мемлекеттік органдар мен ұйымдарда судьялар қоғамдастығының мүдделерін білдіру, сондай-ақ Қазақстан Судьялар одағы Жарғысының басқа да ережелерін жүзеге асыру мәселелері бойынша судьялар қоғамдастығының күш-жігерін біріктіру болып табылады.

1.5. Қазақстан Судьялар одағы Жарғысының және осы Ереженің негізінде Қазақстан Судьялар одағы Орталық Кеңесінің Жұмыс регламенті қабылданады.

II. Орталық Кеңестің құрамын сайлау және қалыптастыру

2.1. Орталық Кеңес Төрағадан, Хатшыдан және Орталық Кеңестің мүшелерінен тұрады.

2.2. Орталық Кеңестің сандық құрамын Қазақстан судьяларының Съезі айқындайды.

2.3. Орталық Кеңестің құрамын, оның ішінде Орталық Кеңестің Төрағасын (Қазақстан Судьялары одағының Төрағасын) Қазақстан Судьялар одағы мүшелерінің арасынан судьялар Съезі сайлайды.

2.4. Орталық Кеңестің өкілеттік мерзімін судьялар Съезі айқындайды. Орталық Кеңестің мүшелері мен Төрағасы Судьялар съезі Орталық Кеңестің жаңа құрамы мен Төрағасын сайлағанға дейін өз өкілеттіктерін орындайды.

2.5. Орталық Кеңестің хатшысы Орталық Кеңестің бірінші отырысында Қазақстан Судьялар одағы Төрағасының ұсынысы бойынша Орталық Кеңес мүшелерінің арасынан бекітіледі.

2.6. Орталық Кеңестің мүшелері өздеріне жүктелген міндеттерді Қазақстан Судьялар одағы Төрағасының тапсырмаларын орындау кезінде шыққан шығыстарды (іссапар және т. б.) өтеуді қоспағанда, сыйақысыз жүзеге асырады.

2.7. Қазақстан Судьялар одағының Төрағасы, Орталық кеңестің Хатшысы жұмыстан шыққан жағдайда, Орталық Кеңес міндеттерді орындауды Орталық Кеңес мүшелерінің біріне жүктеуге құқылы. Орталық кеңес жұмыстан шыққандардың орнына Қазақстан Судьялар одағы мүшелерін өз құрамына біріктіруге құқылы.

III. Орталық Кеңестің құзыреті

3.1. Орталық Кеңес Судьялар съезінің айрықша құзыретіне жатқызылмаған Қазақстан Судьялар одағы қызметінің мынадай мәселелерін шешеді:

3.1.1. Судьялардың кезекті және кезектен тыс Съездеріне делегаттарды сайлау тәртібін айқындауды қоса алғанда, Судьялар съезін дайындау және өткізу жөніндегі жұмысты жүргізеді;

3.1.2. Съезд шешімдерінің орындалуын бақылауды жүзеге асырады;

3.1.3. Судьялар қоғамдастығы қызметінің мәселелерін қарастырады, қаулылар қабылдайды, жарғылық міндеттерді орындауға бағытталған іс-шараларды бекітеді;

3.1.4. Қазақстан Судьялар одағының филиалы туралы ережені бекітеді;

3.1.5. Қазақстан Судьялар одағының барлық филиалдарында Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы, сондай-ақ Қазақстан Судьялар одағын қайта ұйымдастыру және тарату туралы ұсыныстарды талқылауды ұйымдастырады;

3.1.6. Қазақстан Судьялар одағының филиалдарын ашу және тарату туралы мәселелерді шешеді;

3.1.7. Орталық Кеңес Хатшысының кандидатурасын бекітеді;

3.1.8. Орталық Кеңес аппаратының штат кестесін және құрылымын бекітеді, лауазымдық еңбекақыларды белгілейді;

3.1.9. Орталық Кеңес аппаратының жұмысы туралы ақпаратты тыңдайды;

3.1.10. Орталық Кеңестің регламенті мен жұмыс жоспарын бекітеді;

3.1.11. Шығыстар сметасын бекітеді, сондай-ақ мүлікті сатып алу және иеліктен шығару туралы мәселелерді шешеді;

3.1.12. Кіру және мүшелік жарналардың мөлшерін белгілейді;

3.1.13. Қазақстан Судьялар одағы мүшелерінің өтініштерін қарастырады және олардың құқықтарын, ар-намысын, қадір-қасиетін және мүдделерін (әлеуметтік, материалдық және басқа да) қорғау жөнінде шаралар қолданады;

3.1.14. Судья әдебі жөніндегі комиссия туралы Ережені бекітеді;

3.1.15. Судья әдебі жөніндегі комиссияның қызметіне, судьялардың Судья әдебі кодексін сақтауына қатысты мәселелерді қарастырады;

3.1.16. Қазақстан Судьялар одағының халықаралық қоғамдық ұйымдарға (бірлестіктерге, қауымдастықтарға) кіруі (шығуы) туралы мәселені шешеді;

3.1.17. Қазақстан Судьялар одағының марапаттары мен көтермелеулері туралы Ережеде көзделген тәртіпте көтермелеу туралы мәселелерді шешеді;

3.1.18. Қазақстан Республикасының ардагерлер-судьяларының Кеңесі туралы Ережені бекітеді;

3.1.19. Алғаш рет тағайындалған судьяларды оқыту бойынша білім беру бағдарламасын жүзеге асыру шеңберінде Судьялық тәлімгерлік туралы ережені бекітеді;

3.1.20. Аудандық және оған теңестірілген соттың, облыстық және оған теңестірілген соттың жұмысын үздік ұйымдастыруға конкурс және басқа да конкурстар өткізу бойынша жұмысты ұйымдастырады;

3.1.21. Филиалдардың қызметін бақылайды және заңнама мен Қазақстан Судьялар одағының Жарғысына қайшы келмейтін басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады;

3.1.22. Құрылымдық бөлімшелер басшыларының ақпараттары мен есептерін тыңдайды;

3.1.23. Осы Ереженің 6.2-тармағының негізінде Орталық Кеңес мүшелерінің өздеріне бекітілген қызмет бағыттары бойынша есептерін тыңдайды;

3.1.24. Қазақстан Судьялар одағының жұмысын қамтамасыз ету үшін қажетті өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

IV. Орталық Кеңестің Төрағасы

4.1. Орталық кеңестің Төрағасы бір мезгілде Қазақстан Судьяларының съезінде 4 жыл мерзімге сайланатын Қазақстан Судьялар одағының Төрағасы болып табылады және мынадай өкілеттіктерге ие:

- 4.1.1. Қазақстанның Судьялар одағын басқарады және Орталық Кеңеске басшылық етеді;
- 4.1.2. Орталық Кеңестің отырыстарында төрағалық етеді;
- 4.1.3. Қазақстан Республикасындағы және шетелдегі мемлекеттік органдарда, қоғамдық бірлестіктер мен өзге де ұйымдарда Қазақстан Судьялар одағының атынан өкілдік етеді;
- 4.1.4. Қазақстан Судьялар одағының атынан сенімхатсыз әрекет етеді, бірінші қол қоюға құқығы бар, шарттар жасасады;
- 4.1.5. Қазақстан Судьялар одағының атынан сенімхаттар береді;
- 4.1.6. Орталық Кеңеске бекіту үшін Қазақстан Судьялар одағы Хатшысының кандидатурасын ұсынады;
- 4.1.7. Судьялар съезінің және Орталық Кеңестің тапсырмасы бойынша басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

V. Орталық Кеңестің Хатшысы

5.1. Қазақстан Судьялар одағының Жарғысында және осы Ереженің 2.5-тармағында көзделген тәртіпте бекітілген Орталық Кеңестің Хатшысы. Қазақстан Судьялар одағының Төрағасы болмаған кезде хатшы оның міндеттерін атқарады.

5.2. Қазақстан Судьялар одағы Төрағасының тапсырмасы бойынша Орталық Кеңестің Хатшысы мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдарда Қазақстанның Судьялар одағының мүддесін білдіреді, бірінші қол қоюға құқығы бар, мәмілелерді сенімхатсыз жасайды, шарттар жасасады.

5.3. Орталық Кеңес Хатшысының өкілеттіктері:

5.3.1. Орталық Кеңес аппаратының жұмысын басқарады;

5.3.2. Орталық Кеңес аппаратының қызметкерлерін жұмысқа қабылдауды және жұмыстан босатуды жүзеге асырады;

5.3.3. Орталық Кеңес аппаратының іс қағаздарын жүргізуді ұйымдастырады;

5.3.4. Жұмыс пен іс-шаралар жоспарларын әзірлейді және оларды Орталық Кеңестің бекітуіне ұсынады;

5.3.5. Орталық Кеңестің жұмыс жоспары мен іс-шараларының орындалуын бақылайды;

5.3.6. Орталық Кеңестің Жұмыс регламентін әзірлейді;

5.3.7. Қазақстан Судьялар одағының құжаттарын дайындауға қатысады;

5.3.8. Кіру және мүшелік жарналарды жинау бойынша жұмысты ұйымдастырады;

5.3.9. Газеттер мен журналдарға жазылу жөніндегі жұмысты ұйымдастырады;

5.3.10. Қазақстан Судьялар одағының қатысуымен конференциялар, дөңгелек үстелдер, семинарлар өткізу, сондай-ақ ресми делегацияларды қабылдау жөніндегі жұмысты ұйымдастырады;

5.3.11. Қазақстан Судьялар одағының Орталық Кеңесі мен филиалдарының жұмысын үйлестіреді;

5.3.12. Өндірістік және қаржы-шаруашылық қызметті ұйымдастырады;

5.3.13. Қазақстан Судьялар одағының Орталық Кеңесі және (немесе) Төрағасы өзіне берген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

5.4. Орталық Кеңестің Хатшысы Орталық Кеңестің төрағасына (Қазақстан Судьялар одағының Төрағасына) есеп береді.

VI. Орталық Кеңестің мүшелері

6.1 Орталық Кеңестің мүшесі Қазақстан Судьялар одағының мүшелері үшін Жарғыда көзделген барлық құқықтарға ие болады және барлық міндеттерді атқарады, оған Қазақстан Судьялар одағы Жарғысының, осы Ереженің және Қазақстан Судьялар одағының қызметін регламенттейтін өзге де құжаттардың барлық талаптары қолданылады.

6.2. Орталық Кеңес мүшесіне оның нәтижелері үшін ол Орталық Кеңестің отырысында есеп беретін қызмет бағыты бекітіледі.

6.3. Орталық Кеңестің мүшесі жарғылық қызмет шеңберінде Қазақстан Судьялар одағының Төрағасы, Орталық Кеңес өзіне жүктеген тапсырмаларды орындайды және негізгі сот қызметінен қол үзбей Қазақстан Судьялар одағында өзге де қоғамдық қызметті жүзеге асырады.

6.4. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты Төрағасының өкімі негізінде:

- Орталық Кеңестің мүшесі өзіне жүктелген қызметтер мен міндеттерді жүзеге асыру үшін сот істерін қарау бойынша сот жүктемесінен 30%-ға босатылады;

- Орталық Кеңестің мүшесі өзіне жүктелген қызметтер мен міндеттерді іске асыру үшін өзге қоғамдық жүктемеден босатылады (комиссияларға мүшелік, талдаулар, қорытулар жүргізу, анықтамалар жасау және басқалар).

6.5. Орталық Кеңестің мүшесі Орталық Кеңестің отырыстарына (тікелей немесе онлайн-режимде) қатысуға міндетті. Дәлелді себептермен қатысу мүмкін болмаған жағдайда ол бұл туралы Орталық Кеңестің аппаратын уақытылы хабардар етуі тиіс.

Орталық Кеңес мүшесінің отырысқа дәлелсіз себептермен қатысуына жол берілмейді. Орталық Кеңес мүшесінің дәлелсіз себептермен отырысқа қатыспау фактісі Орталық Кеңес отырысында талқылау нысанасы болуы мүмкін.

6.6. Орталық Кеңес Төрағасының және, немесе Орталық Кеңестің тапсырмаларын орындау кезінде Орталық Кеңестің мүшесі Конституцияның және өзге де заңнамалық актілердің талаптарына сәйкес тек Қазақстан Судьялары одағының мүддесі үшін әрекет етуі тиіс.

6.7. Өзіне жүктелген қызметтер мен міндеттерді жүзеге асыру үшін Орталық Кеңестің мүшесі:

- 6.7.1. Орталық Кеңес қабылдайтын қаулылардың жобаларын дайындауға қатысады;

6.7.2. Қазақстан Судьялар одағы мүшелерінің судья әдебі нормаларын сақтауы жөніндегі материалдарды қарайды;

6.7.3. Қазақстан Судьялар одағы мүшелерінің өтініштерін қарайды және олардың құқықтарын, ар-намысын, қадір-қасиетін және заңды мүдделерін (әлеуметтік, материалдық және өзге де) қорғау жөнінде шаралар қолданады;

6.7.4. Қазақстан Судьялар Одағы Төрағасының тапсырмасы мен сенімхаты бойынша мемлекеттік билік және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында, қоғамдық бірлестіктер мен халықаралық ұйымдарда, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарында судьялар қауымдастығының мүдделерін білдіреді;

6.7.5. Орталық Кеңестің жұмысын ұйымдастыру жөніндегі өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

VII. Орталық Кеңестің жұмыс тәртібі

7.1. Орталық Кеңестің отырыстары қажеттілігіне қарай, бірақ жылына кемінде төрт рет Қазақстан Судьялар одағы Төрағасының, Орталық Кеңес Хатшысының немесе мүшелерінің бастамасы бойынша өткізіледі.

7.2. Егер Орталық Кеңестің отырысына оның мүшелерінің жалпы санының кемінде жартысы қатысса, ол заңды болады.

7.3. Орталық Кеңестің отырысын шақыру, өткізу тәртібі, қаулыларды қабылдау Қазақстан Судьялар одағы Орталық Кеңесінің Жұмыс регламентінде көзделген тәртіпте жүзеге асырылады.

7.4. Орталық Кеңестің отырысында Төраға, ал ол болмаған кезде Орталық Кеңестің Хатшысы не Орталық Кеңес Төрағасының тапсырмасы бойынша Орталық Кеңестің басқа мүшесі төрағалық етуші болып табылады.

7.5. Орталық Кеңестің қаулылары, әдетте, отырысқа қатысушылардың қарапайым көпшілік даусымен ашық дауыс беру арқылы қабылданады.

7.6. Егер Орталық Кеңес мүшесінің жасырын дауыс беру туралы ұсынысын Орталық Кеңес мүшелерінің кемінде жартысы қолдаған болса, онда жасырын дауыс беру дауыстарын санауды жасырын дауыс беру үшін сайланған Есеп комиссиясы жүзеге асырады.

7.7. Егер кандидатура үшін Орталық Кеңес мүшелерінің жалпы санының кемінде 2/3 дауыс берсе, Орталық Кеңес Хатшысының кандидатурасы Орталық Кеңестің қаулысымен бекітіледі.

7.8. Орталық Кеңес отырыстары бойынша Судьялар одағы Орталық Кеңесі аппаратының қызметкері хаттамалар жүргізеді.

VIII. Қорытынды ережелер

8.1. Осы Ережеге өзгерістер мен толықтырулар Орталық Кеңестің қаулысымен енгізіледі және бекітілген күнінен бастап күшіне енеді.
